

**Күндізгі және қашықтықтан білім беру технологиялары (ҚТБ) арқылы медицина қызметкерлерінің біліктілігін арттыру курстарын/сертификаттау курстарын, семинарларын (мастер-класстарды, вебинарларды, тренингілерді, тағылымдамаларды) өткізуге арналған  
№ \_\_\_\_\_ шарт**

Астана қ.

«\_\_\_\_\_» \_\_\_\_\_ 202\_\_ ж.

\_\_\_\_\_ (ТАӘ), бұдан әрі бір жағынан «Тыңдаушы» деп аталатын, бірінші тараптан және «Астана медицина университеті» КеАҚ атынан приказа № 01 – ж/қ от 05.01.2025 бұйрық бұйрық негізінде әрекет ететін Басқарма төрағасының міндетін уақытша атқарушы-Ректор Турмухамбетова А. А., бұдан әрі «Орындаушы» деп аталып, екінші тараптан, бірлесіп «Тараптар» деп, ал жеке «Тарап» деп аталып, күндізгі және қашықтықтан білім беру технологиялары (ҚБТ) арқылы медицина қызметкерлерінің біліктілігін арттыру/сертификаттау курстарын, семинарларын (мастер-класстар, вебинарлар, тренингілер, тағылымдамалар) өткізуге төмендегілер туралы осы Шартты жасасты (бұдан әрі – Шарт).

### 1. Шарттың мәні

1.1 Орындаушы тыңдаушылар үшін курс өткізуге міндеттенеді:

біліктілікті арттыру;

Оқыту нысаны:

Күндізгі /ҚБТ (қажеттісін қалдыру)

сертификаттау курсы;

Күндізгі /ҚБТ (қажеттісін қалдыру)

семинар (мастер-класс, вебинар, тренинг, тағылымдама)

Күндізгі /ҚБТ (қажеттісін қалдыру)

Тақырыбы:

«\_\_\_\_\_»  
\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_»

(\_\_\_\_\_ сағат) (бұдан әрі – Оқыту), ал Тыңдаушы осы Шарттың талаптарына сәйкес көрсетілген қызметтердің құнын төлеуге міндеттенеді.

Өткізу күні: «\_\_\_\_\_» \_\_\_\_\_ 202\_\_ ж. – «\_\_\_\_\_» \_\_\_\_\_ 202\_\_ ж.

Бетпе-бет: «\_\_\_\_\_» \_\_\_\_\_ 202\_\_ ж. – «\_\_\_\_\_» \_\_\_\_\_ 202\_\_ ж.

ҚБТ: «\_\_\_\_\_» \_\_\_\_\_ 202\_\_ ж. – «\_\_\_\_\_» \_\_\_\_\_ 202\_\_ ж.

### 2. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

#### 2.1 Тыңдаушының құқығы бар:

2.1.1 оқу жүйесінде сабақ кестесін, сондай-ақ оқудан өту үшін қажетті құжаттарды алуға құқылы;

2.1.2 осы Шартта көзделген мерзімдерге және талаптарға сәйкес Орындаушыдан сапалы және уақтылы қызмет көрсетуді талап етуге.

#### 2.2 Тыңдаушы міндетті:

2.2.1 осы Шарттың талаптарына сәйкес Орындаушы көрсеткен қызметтер үшін төлемді уақтылы төлеуге;

2.2.2 осы Шарттың тізбесіне сәйкес Орындаушыға міндетті түрде цикл басталғанға дейін кемінде 3 жұмыс күні бұрын құжаттарды ұсынуға:

- 1) жеке куәліктің көшірмесін;
- 2) медициналық оқу орнын бітіргені туралы дипломның көшірмесін;
- 3) интернатураны/клиникалық резидентураны, резидентураны бітіргені туралы куәліктің көшірмесін (ол болмаған жағдайда медицина қызметкерлері үшін: одан өткенін растайтын құжат: архивтік анықтама немесе еңбек кітапшасындағы жазба);
- 4) маман сертификатының көшірмесі, интернатура мамандығы өзгерген жағдайда – қайта даярлау туралы куәлік ұсынуға;
- 5) клиникалық базаға өзімен бірге жеке медициналық кітапшаның (санитариялық кітапшаның) көшірмесін ұсынуға.

2.2.3 Орындаушымен (қосымша білім беру орталығы) келісілген жылдық жоспарға және сабақ кестесіне (күндізгі және қашықтықтан оқыту бойынша) сәйкес Тыңдаушының сабақтан өтуін ұйымдастыруға;

2.2.4 Тыңдаушы дәрістерге, семинарларға және практикалық сабақтарға уақытында қатысуға және жіберіп алмауға, компьютермен және интернет желісімен жұмыс істеудің негізгі білімі мен дағдыларына ие болуға міндетті;

2.2.5 жеке дайындықпен айналысу: рефераттар ұсыну, кітапханада өз бетінше жұмыс істеу, кафедраға бекітілген базалық емдеу мекемелерінде кезекшілік ету және авторлық құқықты сақтай отырып, үшінші тұлғалар мен ұйымдарға бермей, электрондық оқу-әдістемелік кешенді тек жеке оқу үшін пайдалану;

2.2.6 егер бұл оқу шартында көзделсе, Орындаушының объектілерінде қорытынды бақылау емтиханына қатысу;

2.2.7 осы Шарттың талаптарына сәйкес Орындаушы көрсеткен қызметтер үшін төлемді уақтылы жүргізуге.

### **2.3 Орындаушының құқығы бар:**

2.3.1 Шарттың 3-бөлімінде көрсетілген төлем мерзімдері бұзылған жағдайда Тыңдаушыны сабаққа жібермеуге, сондай-ақ алдын ала төленген төленген соманы өтеусіз циклден шығаруға;

2.3.2 оқуды уақтылы бастамаса, сондай-ақ академиялық үлгерімсіздігі болған жағдайда, Егер Тыңдаушы Орындаушыға дәлелді себептердің бар екендігі туралы жазбаша хабарламаса, қатысушыны төленген ақшалай қаражатты өтемей оқудан шығаруға құқылы;

2.3.3 дәлелді себептер болған жағдайда қатысушыға орындалмаған оқу тапсырмаларын тапсыруды / қайта тапсыруды кестеде көрсетілген мерзімде жүзеге асыруға мүмкіндік беріледі.

### **2.4 Орындаушы міндетті:**

2.4.1 бекітілген күнтізбелік жоспарларға және сабақ кестесіне сәйкес оқу курсы өткізуге;

2.4.2 оқу үй-жайлары, жарақтандырылуы және жабдықталуы бар базалық мекемені ұсына отырып, оқу процесін жүргізу үшін қажетті жағдайларды қамтамасыз етуге;

2.4.3 оқу процесіне оқытудың жаңа технологиялары мен әдістемелерін енгізе отырып, сапалы оқытуды қамтамасыз етуге;

2.4.4 Тыңдаушыға электрондық пошта, телефон, бейнебайланыс және басқа технологиялардың көмегімен оқыту циклі бойы қашықтықтан оқыту жүйесінде жұмыс істеу бойынша консультациялық қолдау көрсетуге;

2.4.5 оқу аяқталғаннан кейін Тыңдаушыға күндізгі және қашықтықтан білім беру технологиялары (ҚБТ) арқылы біліктілікті арттыру/сертификаттау курстары, семинарлар (шеберлік сыныптары, вебинарлар, тренингтер, тағылымдамалар) курстарынан сәтті өткендігін куәландыратын құжат беріледі. Емтиханның (тестілеудің) нәтижесі қанағаттанарлықсыз болған жағдайда не циклден шығарылған кезде Тыңдаушыға сағат санын көрсете отырып, біліктілікті арттыру циклынан/сертификаттау курсынан өткені туралы анықтама беріледі.

### **3. Шарттың сомасы және төлем шарттары**

3.1 Шарттың жалпы сомасы ҚҚС есебінсіз \_\_\_\_\_ (жазбаша) теңгені құрайды.

3.2 Біліктілікті арттыру курсы/сертификаттау курстары, семинарлар (мастер-кластар, вебинарлар, тренингтер, тағылымдамалар) бойынша күндізгі және қашықтықтан білім беру технологиялары (ҚБТ) арқылы төлем осы Шартқа қол қойылған сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде осы Шарт негізінде Орындаушының есеп шотына **біржолғы** төлеммен аудару арқылы жүзеге асырылады.

3.3 Біліктілікті арттыру курстарынан/сертификаттау курстарынан, семинарлардан (мастер-класстар, вебинарлар, тренингтер, тағылымдамалар) күндізгі және қашықтықтан білім беру технологиялары (ҚБТ) арқылы өту туралы құжат Тыңдаушыға Қызметтер үшін төлем 100% төленбей берілмейді.

### **4. Шарттың қолданылу мерзімі**

4.1 Шарт екі Тарап қол қойған сәттен бастап күшіне енеді және \_\_\_\_\_ дейін қолданылады.

4.2 Шарт бұзылуы мүмкін:

- егер Тыңдаушы бір циклде 30 сағат немесе одан да көп көлемде дәлелсіз себептермен сабаққа қатыспаған жағдайда;
- егер Орындаушының ішкі тәртіп Ережелерін бұзушылықтардың өрескел көріністері болған жағдайда.

### **5. Тараптардың жауапкершілігі**

5.1 Тараптар осы Шарт шеңберінде өз міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда барлық даулар мен келіспеушіліктер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешіледі.

5.2 Шарттың 3.1-тармағында көрсетілген соманы уақтылы төлемеген жағдайда, Тыңдаушы Орындаушыға мерзімі өткен әрбір күн үшін уақтылы төленбеген соманың 0,1% мөлшерінде өсімпұл төлейді.

### **6. Форс-мажор**

6.1 осы Шарт тараптарының ешқайсысы Тараптардың еркі мен тілегінен тыс туындаған және мемлекеттік билік пен басқару органдарының актілерін, жарияланған немесе нақты соғысты, азаматтық толқуларды, эпидемияларды, блокаданы, жер сілкіністерін, су тасқынын, өрттерді және басқа да табиғи апаттар, сондай-ақ байланыс және электр желілерінің зақымдануын қоса алғанда, алдын ала болжауға немесе болдырмауға болмайтын мән-жайларға байланысты міндеттемелерді орындамағаны үшін екінші Тарап алдында жауап бермейді.

6.2 Еңсерілмейтін күштің әрекеті салдарынан өз міндеттемелерін орындамайтын Тарап осындай мән-жайлар туындаған кезден бастап екінші Тарапқа осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындауға кедергі болған мән-жайлар және соның әсері туралы дереу хабарлауға тиіс, бұл ретте міндеттемелерді орындау мерзімі осындай мән-жайлар болған уақытқа пропорционал түрде ауыстырылады..

## **7. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы талаптар**

7.1 Орындаушы Шарттың екінші тарапын Орындаушының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатының (бұдан әрі – Саясат) қағидаттары мен талаптары туралы хабардар етеді. Шартқа қол қою арқылы Тыңдаушы Орындаушының ресми сайтында орналастырылған Саясатпен танысқанын растайды.

7.2 Тыңдаушы Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының талаптарын сақтауға және олардың сақталуын қамтамасыз етуге, сондай-ақ Шарттың мақсаттары үшін қолданылатын халықаралық актілерде және шет мемлекеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамалық актілерінде көзделген сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын жасамауға және осы ескертпенің кепілдіктерін сақтауға міндеттенеді.

7.3 Тыңдаушы мемлекетпен байланысты тұлға болып табылмайтынын және оның лауазымды тұлғалары, қызметкерлері не тікелей немесе жанама иелері болып табылатын, Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының аясына түсетін тұлғалары жоқ екенін растайды. Тыңдаушы Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының аясына түсетін қандай да бір тұлға Орындаушының лауазымды адамы немесе қызметкері болған не Орындаушыны ұйымдастыруға қатысу арқылы тікелей немесе жанама үлес қосқан барлық жағдайлар туралы Орындаушыны жазбаша нысанда дереу хабардар етуге міндеттенеді.

7.4 Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар қандай да бір заңсыз артықшылықтар немесе өзге де заңсыз мақсаттар алу мақсатында осы тұлғалардың іс-әрекеттеріне немесе шешімдеріне ықпал ету үшін кез келген тұлғаларға тікелей немесе жанама түрде қандай да бір ақша қаражатын немесе құндылықтарды төлемейді, төлеуді ұсынбайды және төлеуге рұқсат бермейді.

7.5 Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар пара беру/алу, коммерциялық пара беру сияқты Шарттың мақсаттары үшін қолданылатын заңнамамен сараланатын әрекеттерді, сондай-ақ Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) қарсы іс-қимыл туралы қолданылатын заңнама мен халықаралық актілердің талаптарын бұзатын әрекеттерді жүзеге асырмайды.

7.6 Шарт тараптарының әрқайсысы басқа Тарапты қандай да бір жолмен, оның ішінде ақшалай сомалар, сыйлықтар беру, олардың атына жұмыстарды (көрсетілетін қызметтерді) өтеусіз орындау арқылы және қызметкерді белгілі бір тәуелділікке салатын және осы қызметкердің оны ынталандырушы тараптың

пайдасына қандай да бір іс-әрекеттерді орындауын қамтамасыз етуге бағытталған басқа да тәсілдермен ынталандырудан бас тартады.

7.7 Тарапта Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қандай да бір шарттардың бұзылуы орын алды немесе орын алуы мүмкін деген күдік туындаған жағдайда тиісті Тарап екінші Тарапты жазбаша нысанда хабардар етуге міндеттенеді..

7.8 Жазбаша хабарламада Тарап фактілерге сілтеме жасауға немесе контрагенттің, оның қызметкерлерінің осы шарттардың қандай да бір ережелерін бұзуы не болғанын немесе орын алуы мүмкін екенін растайтын немесе болжауға негіз беретін, пара беру немесе алу, коммерциялық пара беру, сондай-ақ қолданыстағы заңнаманың және Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға қарсы іс-қимыл туралы халықаралық актілердің талаптарын бұзатын әрекеттер ретінде қолданыстағы заңнамамен сараланатын іс-әрекеттерде көрініс табатын материалдарды ұсынуға міндетті.

7.9 Тыңдаушы осы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ескертпенің талаптары нақты немесе ықтимал бұзылған жағдайда Орындаушыға адал ниетпен көмек көрсетуге және жәрдем беруге міндеттенеді.

7.10 Талаптарды бұзу жағдайлары туралы хабарлау үшін тыңдаушы (- Орындаушының байланыстары), ол туралы ақпарат Орындаушының ресми вебсайтында орналастырылған ақпаратты пайдалануға міндетті.

## **8. Дауларды шешу**

8.1 Тараптар арасында туындауы мүмкін барлық даулар мен келіспеушіліктер келіссөздер арқылы шешілетін болады.

8.2 егер осындай келіссөздерден кейін Тараптар Шарт бойынша дауды шеше алмаса, Тараптардың кез келгені осы мәселені Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешуді талап ете алады.

## **9. Басқа шарттар**

9.1 Осы Шартқа кез келген өзгерістер мен толықтырулар, егер олар жазбаша нысанда жасалған болса және Тараптар немесе Тараптардың уәкілетті өкілдері қол қойған жағдайда жарамды болады.

9.2 Барлық хабарландырулар мен хабарламалар жазбаша нысанда жіберілуі тиіс. Электрондық (факсимильді) байланыс құралдарымен берілген құжаттардың көшірмелері Тараптар үшін түпнұсқалардың күшіне ие болады.

9.3 Орындаушының осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанын растайтын факт Тыңдаушыға біліктілікті арттыру циклінің/сертификаттау курсының өтуін куәландыратын құжатты, белгіленген үлгідегі және бухгалтерлік құжаттардың (Шарттың, шоттың, көрсетілген қызметтер актісінің) түпнұсқаларын беру болып табылады. Тыңдаушының осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанын растайтын факт шарттың 3-бөліміне сәйкес оқытуға ақы төлеу және біліктілікті арттыру циклінің/сертификаттау курсының өткендігін куәландыратын құжатты, белгіленген үлгідегі және бухгалтерлік құжаттардың (Шарттың, шоттың, көрсетілген қызметтер актісінің) түпнұсқаларын алу болып табылады.

9.4 Осы Шарт бойынша Тараптардың кез келгенінің құқықтары мен міндеттері басқа Тараптың жазбаша келісімінсіз қандай да бір заңды немесе жеке тұлғаға толық немесе жартылай берілмейді.

9.5 осы Шартта көзделмеген барлық басқа жағдайларда Тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын басшылыққа алады.

9.6 осы Шарт Тараптардың әрқайсысы үшін мемлекеттік тілде және орыс тілінде бірдей заңды күші бар екі данада жасалады.

### 10. Тараптардың мекенжайлары мен деректемелері

«Орындаушы»	«Тыңдаушы»
<p>«Астана медицина университеті» КеАҚ 010000 ж.. Астана, к. Бейбітшілік 49А БСН 080940008218 Кбе 16 ИИК KZ066010111000096257 (KZT) «Қазақстан Халық банкі» АҚ БИК HSBKZZKX</p> <p><b>Проректор</b> _____ <b>А.А.Турмухамбетова</b> <b>М.О.</b></p>	<p>Т.А.Ә. _____ _____ Жеке куәлік № _____ Берілді _____ ЖСН _____</p> <p>Қолы _____ Күні _____</p>